

## Түркістан облысы Сарыагаш ауданының Құркелес, Тегісшіл ауылдық округтерінің кейбір елді мекендерінің шекараларын өзгерту және белгілеу туралы

Түркістан облысы Сарыагаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 475 қаулысы және Түркістан облысы Сарыагаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 13-101-VIII бірлескен шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 26 желтоқсанда № 6437-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабының 1, 5-тармақтарына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Сарыагаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Сарыагаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Түркістан облысы Сарыагаш ауданының Құркелес, Тегісшіл ауылдық округтерінің келесі елді мекендерінің шекаралары өзгертилсін және белгіленсін:

1) Құркелес ауылдық округінің Ақ үй елді мекенінің шекараларына Сарыагаш ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 344,32 гектар жерлерді қосу арқылы, Құркелес ауылдық округінің Ақ үй елді мекенінің шекаралары өзгертиліп, жалпы көлемі 640,57 гектар шекарасында белгіленсін;

2) Құркелес ауылдық округінің Береке елді мекенінің шекарасына Сарыагаш ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 92,15 гектар жерлерді қосу арқылы, Құркелес ауылдық округінің Береке елді мекенінің шекарасы өзгертиліп, жалпы көлемі 220,9116 гектар шекарасында белгіленсін;

3) Тегісшіл ауылдық округінің Таскескен елді мекенінің шекарасына Сарыагаш ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 99,63 гектар жерлерді қосу арқылы, Тегісшіл ауылдық округінің Таскескен елді мекенінің шекарасы өзгертиліп, жалпы көлемі 577,83 гектар шекарасында белгіленсін.

2. Осы бірлескен Сарыагаш ауданы әкімдігінің қаулысы мен Сарыагаш аудандық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Сарыагаш ауданы әкімдігінің қаулысы мен Сарыагаш аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түркістан облысы, Сарыагаш ауданының әкімі  
Мәслихат төрағасы

А. Абдуллаев  
С. Таскулов